

**Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сарапшылық кеңесі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 ақпандағы N 189 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 2091 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.11 N 2091 Қаулысымен*

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік қоғамдастыққа одан әрі бірігуі, республиканың халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы мәселелерін үйлестіру және тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар алдындағы міндеттемелерін сақтауына бақылау жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сарапшылық кеңесі туралы Ереже /1-қосымша/;

Сарапшылық кеңестің құрамы /2-қосымша/.

2 . < \* >

*Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қаулысымен .*

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сарапшылық кеңесіне оның қызметінде және оның талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы жөніндегі барлық қажетті құжаттамамен және материалдармен қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін .

*Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қаулысымен .*

4 . < \* >

*Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996 жылғы  
12 ақпандағы

**Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сарапшылық кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сарапшылық кеңесі (бұдан әрі - Сарапшылық кеңес) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы жөнінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға кіру, олардан шығу және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қосылу мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қаулысымен.*

2. Сарапшылық кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Индустрия және сауда министрлігінің, Әділет министрлігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің өкілдері енгізіледі.

Сарапшылық кеңес жұмысына қажет болған жағдайда, сондай-ақ басқа ұйымдардың өкілдері де, жетекші ғалымдар мен мамандар ішінен сарапшылар тартылуы мүмкін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.12.29. N 1354, 2007.04.23. N 324 қаулыларымен.*

3. Өз қызметінде Сарапшылық кеңес Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, басқа да нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қаулысымен.*

4. Сарапшылық кеңестің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін ескере отырып, республиканың халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының барынша тиімділігін және осы ұйымдарға қатысуға байланысты халықаралық міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ету үшін ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

*Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қаулысымен.*

## 5. Сарапшылық кеңесі:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының халықаралық шарттарға қосылуы туралы, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға кіру және олардан шығу туралы ұсыныстарын қарайды;

Қазақстан үшін басым халықаралық ұйымдарды айқындау және Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға кіруінің, олардан шығуы мен халықаралық шарттарға қосылуының ішкі рәсімінің тәртібі жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігіне және олардың халықаралық, оның ішінде қаржылық міндеттемелерін сақтауға байланысты ұсыныстар әзірлейді. Жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің кезектілігі мен мерзімділігі туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына береді;

Осыған байланысты мемлекеттік органдар Сарапшылық кеңеске мынадай құжаттарды ұсынады:

а) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қосылуы, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға кіруі туралы Сарапшылық кеңес төрағасының атына ұйымның бірінші басшысы қол қойған өтінім-хат;

б) мемлекеттік органның бірінші басшысы бұрыштама қойған халықаралық шарттың, халықаралық ұйымның тиісті құрылтай құжатының мемлекеттік, орыс тілдеріндегі, сондай-ақ түпнұсқа тіліндегі мәтіні;

в) қосылудың, кірудің және мүшеліктің қаржылық шарттары туралы ақпараты бар, Қазақстан Республикасының халықаралық шартқа қосылуының, халықаралық ұйымдарға кіруінің орындылығының негіздемесі бар түсіндірме жазба, сондай-ақ жыл сайынғы ақпараттық және басқа да материалдар;

халықаралық ұйымдар жанындағы ұлттық үйлестірушілер мен тұрақты өкілдердің Қазақстан Республикасынан кандидатуралары туралы ұсыныстарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың қамқорлығымен өткізілген халықаралық форумдарға, кеңестерге, конференцияларға Қазақстан Республикасының атынан баратын делегациялардың құрамдары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға және халықаралық шарттарға қатысуы туралы бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарау жөнінде, сондай-ақ олардағы одан әрі мүшеліктің орындылығы жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.12.29. N 1354, 2007.04.23. N 324 қаулыларымен.*

6. Сарапшылық кеңестің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі. Сарапшылық кеңесі мәжілістерінің аралығында төраға Сарапшылық кеңес хатшысының ұсынуы бойынша Қазақстан

Республикасының халықаралық шарттарға қосылуы туралы, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға кіруі туралы мәселені қажет болған жағдайларда жеке ш е ш е д і .

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.12.29. N 1354 , өзгерту енгізілді - 2007.04.23. N 324 қаулыларымен .*

7. Сарапшылық кеңес төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, Сарапшылық кеңестің отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Сарапшылық кеңес жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру мен Сарапшылық кеңес шығаратын шешімдер үшін дербес жауапкершілікте болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қ а у л ы с ы м е н .*

8. Сарапшылық кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

*Ескерту. 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қ а у л ы с ы м е н .*

9. Сарапшылық кеңестің хатшысы Сарапшылық кеңес отырысының күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және оны өткізген соң хаттамаларды ресімдейді.

Хатшы Сарапшылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

*Ескерту. 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қ а у л ы с ы м е н .*

10. Сарапшылық кеңестің шешімдері ашық дауыспен қабылданады және Сарапшылық кеңес мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Сарапшылық кеңестің мүшелері ерекше пікірге құқығы бар, оны білдірген кезде ол жазбаша түрде баяндалуы және Сарапшылық кеңес отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

Сарапшылық кеңес отырыстарының өту нәтижелері бойынша оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады.

*Ескерту. 10-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.23. N 324 қ а у л ы с ы м е н .*

№ 189 қаулысына

2-қосымша

**Сарапшылық кеңестің құрамы**

Тәжин - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер  
Марат Мұханбетқазыұлы министрі, төраға  
Қазыханов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Ержан Хозеұлы министрінің орынбасары, төрағаның  
орынбасары

**Сарапшылық кеңестің мүшелері**

Аманжолова - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Зүлфия Алтайқызы министрлігінің Халықаралық-құқықтық  
департаментінің директоры

Ерғожин - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Дәулет Еділұлы вице-министрі

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Марат Әпсәметұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Құсдәулетов - Қазақстан Республикасының Әділет  
Дулат Рашитұлы вице-министрі

Баталов - Қазақстан Республикасы Энергетика және  
Асқар Болатұлы минералдық ресурстар министрлігінің  
жауапты хатшысы

Мұқашев - Қазақстан Республикасының Премьер-  
Жанат Базикенұлы Министрі Кеңесінің Сыртқы байланыстар  
бөлімі секторының меңгерушісі

Бишімбаев - Қазақстан Республикасының Индустрия  
Қуандық Уәлиханұлы және сауда вице-министрі

Әзімова - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
Эльвира Әбілқасымқызы Халықаралық құқық, мемлекеттің мүлкітік  
құқықтарын қорғау департаментінің  
директоры

Тәшібаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Мұрат Сейітжанұлы министрлігі Халықаралық ұйымдар және көп  
жақты ынтымақтастық департаментінің  
директоры

Сарыева - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Жұмагүл Қансейітқызы министрлігі Валюта-қаржы департаментінің  
директоры

Кенжина - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Әнел Дәуленқызы министрлігі Халықаралық ұйымдар және көп

жақты ынтымақтастық департаментінің  
атташесі, Сарапшылық кеңестің хатшысы

*Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 891 , өзгерту  
енгізілді - 2007.04.23. N 324 , өзгерту енгізілді - 2007.12.28. N 1342  
Қаулыларымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК